

Үш пайыз мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 15 маусымдағы N 169 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 24 шілдеде N 7-6-90 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып және 2009 жылғы 12 маусымдағы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің N 1004 санды ұсынысы негізінде аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Төмендегі тізімдегі мекемелер мен кәсіпорындарға үш пайыз мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін:

1. Аудандық туберкулез ауруханасы;
2. N 9 кәсіптік лицей;
3. Т.Жароков атындағы жалпы білім беретін орта мектеп;
4. Ғ.Қараш атындағы жалпы білім беретін орта мектеп;
5. Аудандық білім беру бөлімі;
6. "Жәнібек" балабақшасы;
7. "Балдәурен" балабақшасы.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. А. Есенғалиевке жүктелсін.

Аудан әкімі